

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
06.11.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 06.11.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Абдрахманов Сауытбек Абдрахманұлына беріледі.

АБДРАХМАНОВ С.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Өткен жылдың 1 қыркүйегінде Алтыншы сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші сессиясының ашылуында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев озық әлемдік тәжірибеге сәйкес тарихи және киелі нысандарды тиімді дамыту мен қорғауға ықпал ететін заң жобасын қабылдау қажеттігін атап өткен еді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы да осы мәселеге тиісінше назар аударуды міндеттейтіні белгілі.

Елбасы қойған міндетті орындау мақсатында «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы әзірленіп, қарауға қабылданды.

Заң жобасы еліміздің мәдени мұрасын құру, жаңғырту, сақтау, дамыту, насихаттау және пайдалану, сондай-ақ құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерді анықтау үшін жүргізіліп отырған тарихи-мәдени мұра саласындағы мемлекеттік саясатты, ең алдымен заңнамалық базаны жетілдіруге бағдарланады.

Жоба тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, ғылыми-реставрациялық және археологиялық қызмет саласындағы қарым-қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыруды көздейді.

Заң жобасына сәйкес ендігі жерде тарихи-мәдени мұра объектісіне тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесі бұрынғыдай сол объект ашыла салысымен берілмейді. Бұл мәртебе енді оның тарихи маңыздылығын айқындайтын тарихи-мәдени сараптама жасалғаннан кейін ғана беріледі. Әйтпесе бір кезде ашылған мұраның талайы әлі күнге зерттелмеген, қазылмаған, реставрацияланбаған күйінде жатыр. Тек тізімде тұр. Алдағы кезде үш жылдың ішінде (кей жағдайда бес жылдың ішінде) олардың

құндылығының басы ашылады да, жұмыс жоспарлы түрде, басымдық бойынша жүргізіледі.

Кім көрінген қолына күрек алып, «қара археологиямен» айналыса бермейтін болуы үшін алдағы кезде археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды өкілетті органның жоспарлауы және берілген лицензиясы бойынша жүргізу міндеттілігі де заңдастырылғалы отыр. Басқа да жаңалықтары баршылық.

Заң жобасы бірінші оқылымда 2019 жылғы 13 ақпанда мақұлданған.

Заң жобасын жетілдіру және оны екінші оқылымда қарауға дайындау барысында депутаттар:

заң жобасының құрылымын арттыруға, жекелеген ұғымдардың редакциясын нақтылау мен жақсартуға;

тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органның Қазақстан Республикасы дүниежүзілік мәдени мұрасының алдын ала тізімін қалыптастыру және ұсыну, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қызметті салааралық үйлестіру, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту құзыретін нормативтік бекітуге;

заң жобасының жекелеген нормаларын нақтылауға және мазмұнын жақсартуға бағытталған түзетулер енгізді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасының нормаларын, оның ішінде тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы өзекті мәселелерді ғылыми-реставрациялық және археологиялық қызмет саласындағы ұйымдардың өкілдерімен жан-жақты талқылау мақсатында тарихи-мәдени мұра мол шоғырланған Түркістан облысында комитет пен жұмыс тобының көшпелі отырысы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ заң жобасының таныстырылымы, жұмыс тобының жиырма алты отырыстары, комитеттің кеңейтілген отырысы ұйымдастырылып, өткізілді.

Депутаттардан келіп түскен 200-ге жуық түзету жұмыс тобы отырыстарында қаралып, олардың 130-ы қабылданды. Салыстырма кестеде сол 130 позиция көрсетілген.

Осы айтылғандарды ескере отырып, аталған заң жобасын екінші оқылымда қолдауларыңызды, яғни тұтастай мақұлдауды сұраймыз.

Заң жобасына белсене қатысқан әріптестерімізге, мемлекеттік органдар өкілдеріне, сарапшыларға алғыс айтамыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сауытбек Абдрахманұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

